

3. Басқа адамдардың сөзін түсінуден баланың өзінің сөйлеу процесі өте кеш қалыптасатынын ескеру қажет.

4. Баланың сөйлеу тілінің жетілуі – оның өзінің сөйлеуінде тілдің грамматикалық және синтаксистік түрлерін дұрыс қолдана бастауы.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін тапсырмалар оқушының білімін дамытушы және әдістемелік міндеттерді жүзеге асырушы. Бұған қойылатын талаптар мынадай:

1. Мұғалім тапсырма құрылатын сынып бағдарламасын, мемлекеттік стандартты, базалық оқу жоспарын толық білуі тиіс.

2. Оқушының физио-психологиялық ерекшелігі, қабілеті, білім деңгейі назарға алынғаны жөн.

3. Тапсырмалар қызықты, баланың ойлау қабілетін дамытатын, көркемдігі жоғары, тілі түсінікті болуы қажет.

Оқушылардың ауызекі сөйлеуі мен ойын жазбаша беру біліктерін арттыру және әр түрлі тілдік талдаулар жасау, біліктерін қалыптастыру үшін бағдарламаға «Тіл және сөйлеу», «Сөйлеу мәдениеті» сияқты бөлімдер енгізілді. Бұл бөлімдер мазмұны сыныптан сыныпқа көшкен сайын күрделеніп отырады [3,14].

Сөзімізді қорытындылай келе, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін төмендегідей ұсыныстар айтуға болады:

1. Оқушының сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілін дамытатын көркем суреттерді қолдану.

2. Кейіпкерлер бейнесінде жағдаяттылық диалогқа құрылған ойындарды ұйымдастыру.

3. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытумен қатар танымдық белсенділігін арттыратын тірек-сызбаларды пайдалану.

4. Оқушыларға берілетін тапсырмаларда тірек-сызбалар, ребустар, қызықты грамматикалық тапсырмалар, көркем суреттермен, т.б. сөйлеу тілін дамытатын жұмыстардың болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәйісова Г.И. Қазақ тілі. - Алматы: Атамұра, 2001.
2. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. - Алматы, 2003.
3. Құлмағамбетова Б., Исанова А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 2000.
4. Әбділманова С. Көрнекілікке сүйенемін. //Бастауыш мектеп, 1983, №5.
5. Әуелбаев Ш. Бастауыш класта оқыту методикасы. - Алматы, 1987.
6. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: 2005. – 170б.

В этой статье говорится о проблемах развития речи школьников.

In this article speaks about problems of progress of speech of students.

ӘОЖ 159.9.01

*Қайырғалиев Т.Қ. - оқытушы,
Үмбетова Г.М. - оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адам өзі ғұмыр кешіп отырған дүниені өзінің бойындағы біртіндеп қалыптасатын жеке белсенділігі арқылы таниды.

Осындай жеке адамның өзіндік психикалық өміріндегі аса маңызды сапасы болып саналатын қоғамдық белсенділігінің ілкі бастауы ойын болып табылады.

Бұл халықта ғасырлар бойы бірге жасасып келген және қалыптасқан әдеп-ғұрып ойындарына саналатын ұлттық ойындардың бірі. Ойынның сан алуан түрлері бар.

Мәселен, зерттеу деректерінде ойындардың өзіндік даму тарихының бары, соның бірі өзіміз ауылдық жерде ойнаған асық ойыны да мыңдаған жылдар бұрын ойналғандығы аталады [1].

Демек, асық ойыны – ұлттық өнердің бірі. Әуелі аталған ойынның әлеуметтік және психологиялық мәніне тоқталмас бұрын, осындай өзіндік орны бар асық ойынының жалпы мазмұны мен ережесіне тоқталайық.

Бұрын ауылдық жерлерде ерекше байқалған, кейін сиреп бара жатқан бұл ойыннан, адам бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіре алатыны сөзсіз. Өйткені асық ойыны баланың бойына ширақтылық пен байқағыштық және мергендік пен математикалық сынды қабілетті арттыруда тигізетін септігі зор.

Асық ойынының да түрлері бар. Атап айтсақ, «хан талапай», «асық ату», «хан жаппай», т.б. кездеседі. «Алшы» деп аталатын асық ойын ережесі бойынша бұған тек асығы бар балалар ойнайды. Ойнаушылар саны жиналған балалар санына қарай шамамен 4-8 балаға дейін жетеді. Ал, ойынның түпкі мақсаты – шеберлікпен және мергендікпен асықтарды ұтып алу [2].

Көнге барлық ойыншы бір-бірден асық тігеді. Ал ойыншылардың кезектерін анықтау үшін қатысушылардың сақаларын ойынның ішіндегі біреуі жинап алады да иіреді.

Сонда ғана кімнің кімнен кейін асық ататыны анықталады. Иірген кезде алшы түскен сақаның иесі бірінші, тәйке түскеннің иесі екінші, бүк түскендікі үшінші, шік түскендікі төртінші болып белгіленеді.

Тағы бір жайт, егер бірнеше асық бірден алшы не тәйке т.с. түссе, онда алдымен алшы түскенін, содан кейін тәйке, бүк, шік түскенін жеке-жеке иіру керек.

Осылай кімнің кейін екендігі анықталады, сол кезек бойынша ойыншылар сақаларын тағы иіре бастайды.

Иірген кезде сақасы алшы түскен ойыншы асықтарды жинап алады. Көнге асық қайта тігіледі. Ал тәйке түскен сақаның иесі ойыннан шығып қалады. Ал шік, бүк түскен сақалардың иелері, өз кезектерімен көндегі асықты ата бастайды.

Атқан кезде атылған асық пен сақа бір жақты алшы немесе тәйке не бүк, шік түссе, асықты ары қарай ата береді. Қалған басқа жағдайда ешкім де асықты алмайды. Алшы деп аталатын асық ойынның бұл түрінде де асықты ату барысында ойыннан шығып қалатын жағдайда болады.

Егер асықты атқан кезде сақа тәйке түсіп, асық бүк немесе шік түссе, онда сақа аталады да әлгі бала ойыннан шығып қалады. Көндегі асықты сақаның жатқан жерінде тұрып ату керек, ол тәйке түскен сақаны көнде тұрып атуға болады, ал тәйкеге тигізе алмай қалса, онда атқан ойыншы ойыннан шығып қалып көнге тіккен бір асығынан ұтылады.

Осындай алуан түрлі асық ойыны не тағы басқасы, яғни сондай ұлт ойындарының қалыптасуы, тек балаларға ғана керектігімен дамып қойған жоқ, ересектердің де күнделікті тіршіліктегі қозғалысы мен көңіл көтеруіне не демалыс уақытын өткізуін де қолданылған еңбектің бір түрі ретінде дамыды [3].

Ойын - бұл балалар мен жасөспірімдердің өзінше пайда болып өрістейтін еңбегі деуіміз осыдан. Қай ойын түрі болмасын, оның әлеуметтік жағын атағанда, бала үлкендердің әлеуметтік рөлін түсіне отырып, ол адамгершілік нормаларды игеруге ұмтылады.

Ойын - баланың қоршаған ортаны әлеуметтік қызмет ретінде танып-білуіне, белгілі бір ұстамды тәртіптің көрінісіне ықпал етуші күш.

Ойын баланың танымдық қызметке деген мүдделігін қалыптастырады. Біртіндеп ойын бала бойындағы қалыптасатын бағдарлық мәні бар қызметке араласуына да ынтасын өрістетеді. Ал, ойынның психологиялық мәні жағы осы ойын барысында балада не талап етілетіндігінде, оның тек ойнай білуі емес, сондай-ақ оның өзін қоршаған балаларға да дұрыс қарай білуіне үйретеді.

Асық ойыны да - осындай танымдық ынталануға бағыттайтын амал-жолдары сабақтасып жататын мектепке дейінгі болатын жетекші іс-әрекеттің бір түрі.

Мәселен, «хан талапай», т.б. ойын да бұған айқын көрініс бола алады. Асық ойынында да балалар дәл өмірдегідей белгілі бір іс-әрекет жасауға ұмтылады. Өйткені, балаларда асық ойынында өздерін белсенді ұстауына жұмылдыратын өзіндік күш пайда болады.

Асық ұлттық өнеріміз деуге болады. Бұл ойынды өзіндік мәнімен және орнымен сақтаған жөн. Ойынның мәнін тек ауыл ойыны деп қарамай, оған тиісті шаралардың сақталғаны жөн деу керек.

Атап айтқанда, асық ойынының түрлерін, оның ережелерін насихаттайтын арнаулы мамандардың ой-түйіндері не арнаулы ұлттық ойындарға арналған жинақтың жарыққа келуі, тіпті асық ойынынан “Тоғыз құмалақ” сынды ойын сайысы іспеттес жарыстарды өткізу бірден-бір оның дамуына ықпал ететін шаралар болып табылады. Асық ойыны - тек балалық шақтың белгілі бір кезеңінде жалпы өтетін табиғи құбылыс емес, ол түрлі жас кезеңіндегі балаларды тәрбиелеудің тиімді бір жолы [4].

Олардың асық ойынының қай түрі болмасын сол ойында жайрандап риза болып не өзінше ойынды талдауы, белгілі бір қорытындыға келуі сияқты дүниетанымын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Біртіндеп есейген өмір жағдайында да балалық шақтағы осындай құндылықтың бір көрінісі ретінде еске түсіруіне көмектеседі. Балалардың өзіне тапсырылған міндеттерден - оқу болса оқуында, еңбек болса атқаратын сол қызметінде, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасында болсын, бәрін де дұрыс шеше білуіне жәрдемдеседі дегіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Э.Маккей. Древнейшая культура долины. Изд.иностр.лит., 1957, стр 123.
- 2.Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы «Қайнар», 1991.
- 3.Ұлт ойындары. «Білім және еңбек», 1977, №8.
- 4.Халық ойындарының тәрбиелік маңызы. «Қазақстан мектебі», 1975, №5.

В статье рассматриваются психологические, воспитательные аспекты национальных народных игр, которые являются неотъемлемой частью многовековых этнических традиций. Статья имеет большое психологическое значение воспитательного характера для гармоничного формирования личности детей.

The article deals with psychological, educational aspects of national folk games. It has a great psychological meaning of educational character in the formation of children's personality.

ӘОЖ 339.944.372.821

Жармаганбетова Н.С.
оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДАҒЫ ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ ОРНЫ

Қазақстандық мектептерді жаңарту тұжырымдамасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, яғни оқушы мен педагогтың өзара ынтымақтастығы үлгісін оқу үдерісінде қалыптастыру мен әртүрлі оқу іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуы тиіс екендігін анықтап отыр. Білім беруді дамытудың жалпы тенденциялары оқушылардың білімі мен біліктерін елеулі түрде көтерумен шектелмейді, сонымен қатар олардың мәдениетін, қабілетін,